

"Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 467 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 12 наурыздағы № 174 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 наурызда № 38167 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 467 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15614 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

1	Тиісті органдар да өкілдерінің болуы								
2	Стандарттар жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жолдау								
3	Рұқсатты талап ететін мәселелерді қою, стандарттарды түсіндіру үшін сұраулар жіберу								
4	Ұлттық шаруашылық субъектілерімен стандарттардың сынамалық қолдануын жүргізу								
5	Бірлесіп конференция, семинарлар, симпозиумдар, конгресстер өткізу								
6	Персоналды ұсыну								
	Ынтымақтастықтың басқа								

7	д а түрлері (қандай екенін көрсету)								
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Аббревиатуралардың толық жазылу ескертпесі:

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

р/с – реттік нөмірі.

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электронды пошта мекенжайы _____

Орындаушы

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон.

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

....(қолы).....(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Өтеусiз негiзде әкiмшiлiк деректерiн жинауға арналған "Бухгалтерлiк есеп пен есептiлiк саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсiнiктеме әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған "Бухгалтерлiк есеп пен есептiлiк саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысанына қосымшада берiлген.

Әкiмшiлiк деректерiн өтеусiз
негiзiнде жинауға арналған
нысанға қосымша

"Бухгалтерлiк есеп пен есептiлiк саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" өтеусiз негiзде әкiмшiлiк деректер жинауға арналған нысанын толтыру жөнiнде түсiндiрме (Ф-3 МС, жылдық)

1. "Бухгалтерлiк есеп пен есептiлiк саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысаны (бұдан әрi – Нысан) "Бухгалтерлiк есеп пен қаржылық есептiлiк туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

2. "Бухгалтерлiк есеп пен есептiлiк саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп" нысанын бухгалтерлердiң аккредиттелген кәсiби ұйымдары электрондық форматта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң Iшкi мемлекеттiк аудит комитетiне ұсынады. Нысанға бухгалтерлердiң аккредиттелген кәсiби ұйымының басшысы қол қояды. Есептiң электрондық форматы есептi жылдан кейiнгi жылдың 15 наурызына дейiнгi мерзiмде қалыптастырылады.

3. Нысан мынадай тәртiппен толтырылады:

1-бағанда реттік саны көрсетіледі;
2-бағанда ынтымақтастықтың мазмұны мен нысаны көрсетіледі;
тиісті органдарда өкілдерінің болуы;
стандарттар жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жолдау;
стандарттарды түсіндіру үшін сауалдар жіберу, шешуді талап ететін мәселелерді
кою;

ұлттық шаруашылық субъектілерінің стандарттарды сынамалық қолдануын
жүргізуі;

бірлесіп конференция, семинарлар, симпозиумдар, конгресстер өткізу;
персоналды ұсыну;

ынтымақтастықтың басқа да түрлері (қандай екенін көрсету) көрсетіледі

3 және 4-бағандарда халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі
комитеті, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі;

5 және 6-бағандарда Халықаралық бухгалтерлер федерациясы, оның ішінде ия/жоқ,
толық жазу көрсетіледі;

7 және 8-бағандарда Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі
конференциясының есеп және есептілік стандарттары жөніндегі үкіметаралық жұмыс
тобы, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу көрсетіледі;

9 және 10-бағандарда басқа халықаралық ұйымдар, оның ішінде ия/жоқ, толық жазу
көрсетіледі.